

«Астана медицина университеті» АҚ
Құқық негіздері мен сот медицинасы кафедрасы

Практика

Тақырыбы: *Мемлекеттік басқарудың
объектілері. Мемлекеттік басқарудың
субъектілері.*

Орындаған: *Айманбетова Н.А.*

Топ: *МІ*

Қабылдаған: *Мұқанова А.Б.*

Астана 2017 жс.

Жоспары

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

2.1. Мемлекеттік басқарудың объектілері

2.2. Мемлекеттік басқарудың субъектілері

3. Қорытынды

4. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Мемлекеттік басқару қоғам дамуының барысында қоғамдық, қатанастарды реттеу мен тікелей практикалық ұйымдастырудағы атқарушылық және бөлушілік іс-әрекет. Мемлекеттік басқару барынша кең мағынада, мемлекеттің істерін басқару, мемлекеттік органдардың барлығының қатынасуымен іске асырылады. *Мемлекеттік басқару дегеніміз:*

а) заңдарды орындау барысындағы іс-әрекет;

б) объектілер мен адамдарға ағымдағы өкімдік жасау және олардың орындауға міндетті болып табылатын, заңдық күші бар нормативтік актілерді қабылдаумен байланысты іс-әрекет.

Барынша тар мағынасында мемлекеттік басқару деп экономиканы, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салаға практикалық және тікелей басшылық жасауға бағытталған атқару, бөлу, заңдық күші бар, бір-біріне бағынышты мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекетін айтуға болады.

Мемлекеттік басқарудың субъектілері және объектілері

Мемлекеттік басқарудың объектісі мен субъектісі жөніндегі мәселе мемлекеттік басқару теориясының негізгі әдістемелік мәселелерінің бірі болып табылады.




Оны шешу - мемлекеттік басқарудағы субъект пен объект қатынастарын түсінуге және объектінің демократиялық сипатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл мәселеде ешқандай проблема жоқ тәрізді:
басқару субъектісі - мемлекет, ал объектісі - қоғам.

Субъектілері

Мемлекеттік басқару субъектілері ұжымдық немесе жеке болсын өзінің анықтамасына сәйкес келетін қасиеттерді бойына жинақтаған кезде ғана ол басқару субъектісі болып табылады. Мемлекеттік басқару субъектісі үшін басқару процесінің бағыты мен мазмұнын, сондай-ақ оның қоғам үшін саяси және басқа салдарларын анықтайтын ұлыттық-мемлекеттік мүдделер мен мақсаттарды тусіне білуі керек.

*Мемлекеттік басқару субъектілерінің
қызметі бірнеше белгілерімен сипатталады:*



Мемлекеттік басқару субъектілері:



1) мемлекеттік билік түрі бойынша



2) билік пен басқаруды ұйымдастыру деңгейіне қарай



3) қызмет саласына қарай



4) басқару объектісіне әсер ету сипаты мен мақсаты



5) құрамына қарай бөлінеді.

* Мемлекеттік билік түрі бойынша - бұл заң шығарушы, атқарушы және сот билігі субъектілері. Олардың әрқайсысы басқару жүйесінде белгілі бір функцияларды орындайды. Өкілетті органдардың заңдарды әзірлеуі мен қабылдауы мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі функциялардың бірі. Заң мемлекеттік билік құралы және қоғамдық қызмет пен қоғам мүшелеренің арасындағы, олардың мемлекетпен өзара қарым-қатынастарын формальды реттеуші. Заңдардың әрекеттілігі оның орындалуында. Атқарушы билік субъектісі билік жүргізу функциясын басқарушылық іс-әрекетпен үйлестіреді. Мысалы: Үкімет заңдарды орындауға, сонымен қатар нақты, қоғамдық маңызды қызмет түрлерін жоспарлауға, шешімдерді жүзеге асыруға, олардың орындалуын ұйымдастыруға және бақылауға міндетті. Оның құрамына билік құрылымдарымен қатар шаруашылық қызметті, халыққа білім беруді, ғылымды, денсаулық сақтауды, мәдениетті және тағы басқа салаларға әкімшілік басқару мен саяси жетекшілік ететін органдар кіреді.



* **Билік пен басқаруды ұйымдастыру деңгейіне қарай: орталық, аймақтық және жергілікті басқару органдары болып бөлінеді. Олардың өзара қарым-қатынастары қызмет саласы мен екілеттігінің, яғни билік жүргізу мен басқару әрекеттерін жүзеге асыруға қатысты құқықтары мен қызметтеріне байланысты анықталады.**



* Қызмет саласына қарай - экономиканы, әлеуметтік саланы, мәдени өмірді, әскери қызметті, халықаралық істерді басқаруды жүзеге асыратын аталған үш деңгей субъектілері.



* Басқару объектісіне әсер ету сипаты мен мақсаты, құралына қарай: саяси басшылық, әкімшілік-мемлекеттік, экономикалық және тағы басқа болып бөлінеді.



* Құрамына қарай: ұжымдық (мысалы, заң шығарушы билік органы) және жеке (басқарушы тұлғалар) субъектілер болып бөлінеді.



- * *Субъектілердің басқару ісіндегі қызметтері ұтымды болуы үшін ол құқықтық жағынан қамтамасыз етілуі, заңмен белгіленген нормаларға сәйкес болуы керек.*
- * *Мемлекеттік басқару **объектісі** де терең талдауды қажет ететін проблема. Классикалық либерализм көзқарасы бойынша мемлекеттік басқару объектісі қоғамдық өмірдің саяси-құқықтық сферасымен шектеледі.*
- * *Мемлекеттің басқару объектісін этатизм тұжырымдамасы бойынша түсіндіруге болады, яғни мемлекеттік басқару барлық қоғамға таралады, ол тоталитарлық жүйеде жүзеге асады. Этатизм мәні-қоғамды мүлтіксіз бақылау, саяси және әкімшілік қызметтің қоғам өмірінің барлық сфераларынан басымдығы, мемлекетпен қоғам арақатынасы мәселелерінің жасанды түрде алынып тасталынуы мемлекет пен қоғам арасында ешқандай проблема жоқ дегенді білдіреді*

Қорытынды

Қорыта келгенде мемлекетті басқару субъектісі - мемлекет, ал объектісі - қоғам. Саяси-құқықтық институт ретіндегі мемлекетті біз басқару субъектісі ретінде қарастырамыз. Мемлекеттік басқару объектісі қоғамдық өмірдің саяси-құқықтық сферасымен шектеледі.

Ал мемлекеттік басқару субъектісі билікті жүзеге асыруға және қоғамдық процестер мен мемлекеттің жеке қызметін тікелей басқаруға конституциялық өкілеттігі бар мемлекеттік билік органдары бөлып табылады екен.

Пайдаланылған әдебиеттер

- * Қ.И. Оспанов, “Құқық негіздері”.*
- * Т.Ағдарбеков, “Құқық негіздері”, Алматы 2012*
- * [Www.kitaphana.kz](http://www.kitaphana.kz)*
- * [Www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)*
- * ҚР Конституциясы. Бөлім.Жалпы ережелер.Алматы 2008ж*

*Назарларыңызға
рақмет!*